# Жас ақындар сынға түсті

**Қазақстанның халық ақыны, жерлесіміз Нұрхан Ахметбековтің туғанына 120 жыл толуына орай қаламызда «Жас тұлпар» аталатын дәстүрлі облыстық оқушылар айтысы өтті.**






Дәстүрлі дейтініміз облыстық оқушылар айтысы осымен 31 –мәрте өткізіліп отыр. Қостанай облыстық мәдениет басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығы мен кино бейнеқор орталығының ұйымдастыруымен өтетін жыр додасы өткен жылдары Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы сынды қазақтың біртуар ұлдарының еңбегін ұлықтаса, биылғы жылы торғай өңірінен шыққан сұңғыла ақын Нұрхан Ахметбеков атамыздың 120 жылдығына арналып отыр.

Айтыстың ашылу салтанатында қала әкімінің орынбасары Мешітбай Қайыржанұлы жас ақындарға сәттілік тілеп, жырсүйер қауымға құттықтауын жеткізді. «Нұрхан Ахметбеков атамыздың бізге қалдырған әдеби мол мұрасын кеңінен насихаттау, ақындық өнерді жанына серік еткен өскелең ұрпақтың талантын ұштау, ақындық өнерге деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізіліп отырған бүгінгі шараның маңызы зор. Олай болса, облысымыздың әр өңірінен келіп отырған жас ақындарымызға сәттілік тілеймін. Татымды сөз, әдемі ұйқаспен жақсы айтыс жасауларыңызға тілектеспін. Қазылар алқасы да қара қылды қақ жарып, шын жүйрікті анықтайтынына сенімім мол. Құрметті жиналған жырсүйер қауымды бүгінгі облыстық айтыстың басталуымен құттықтаймын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, ата – бабамыздан келе жатқан айтыс секілді ұлы өнеріміз асқақтай берсін!», -деді өз сөзінде әкім орынбасары.

Жыр додасында облысымыздың әр өңірінен 9 жас ақын бақ сынап, айтыстың ақтаңгері Айбек ҚАЛИЕВ бастаған қазылар алқасының шешімімен бас жүлде (жүлде қоры 100 000 теңге) мен Нұрхан Ахметбеков атындағы арнайы жүлде (жүлде қоры 100 000 теңге) Арқалықтың жас таланты Нұрислам РАГАТОВҚА табыс етілді. Ал, Б.Майлин ауданынан келген Әмин ПЕРИЗАТ I орынды (жүлде қоры 80 000 теңге), Қостанай ауданының ақын баласы Шұғыла АМАНБЕК II орынды (жүлде қоры 60 000 теңге), Жетіқара ауданынан Жанерке СЕЙСЕНБАЙ (жүлде қоры 40 000 теңге) мен Қостанай ауданының намысын қорғаған Дінасыл БАҚЫТБЕК (жүлде қоры 40 000 теңге) III орынды олжалады. Жангелді ауданынан келген Ниязбек ТАҢЖАРЫҚ болса Ғұмыр Ахметжин атындағы арнайы жүлдеге лайық деп танылды.

Сондай ақ, Қостанай ауданы, Еңбек ауылынан келген Аяжан БОЛАТ, Рудный қаласынан Қарақат СЕЙТБЕКОВА, Жангелді ауданынан қатысқан Сағындық ШЫҢҒЫСХАНДАР ынталандыру сыйлықтарына (20 000 теңге) ие болды.